

БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

Алматы қ.

28 желтоқсан 2020 жыл

KASE TONIA индикаторын есептеу тәртібін өзгертті

28 желтоқсанның бастап "Қазақстан қор биржасы" АҚ TONIA (Tenge OverNight Index Average) қаржы нарығының негізгі индикаторының есептеу тәртібін өзгертті.

Есептеудің жаңа әдістемесін енгізу Қазақстан Республикасының қаржы нарығында көрсеткіштер сенімділігі қағидасына және үздік халықаралық тәжірибеге сәйкес келетін, аталмыш индикаторды есептеудің айқындылығын арттыруға негізделген тәуекелсіз бенчмарк құру мақсатында жүзеге асырылды.

TONIA индикаторы бұдан былай мерзімі бір күндік МБҚ себетімен репо операцияларын ашу мәмілелері бойынша есептеледі. Есептеу көлемі бойынша сараланған аталмыш мәмілелердің орталық 90 % мәні ретінде орындалады. Сонымен қатар, мәмілені кесімдеу олардың кірістілік мәні бойынша жүргізіледі – индикаторды есептеу күні жасалған ең төменгі және ең жоғарғы кірістілігі мәмілелерінің 5 % кесімделеді.

Егер, мәміленің жалпы көлемі кесімдеуден кейін 100 млрд теңгеден аз болса, онда TONIA Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесі мәнінің қосындысы ретінде және адыңғы бес күнде қалыптасқан аталмыш мөлшерлемеге TONIA индикаторы спредінің орташа мәні ретінде анықталады.

Қаржы нарығының индикаторларын қалыптастыру жалпы борыштық нарықтың құрамды бөлігі болып табылады. Аталмыш индикаторлар борыштық нарықта кірістілік мөлшерлемесін анықтау үшін бенчмарк қызметін атқарады. Әсіресе, TONIA индикаторы Қазақстан Республикасының қисық кірістілігін құру үшін бастапқы мәні болып табылады.

"KASE бағалы қағаздар нарығы және қаржы нарығы индикаторларын есептеуде тәжірибесі зор. Аталмыш жұмыста KASE нарықтың барлық қатысушылары ағымдағы индикаторлардың тарихи мәні мен оларды есептеу тәртібі туралы сенімді ақпарат алу үшін барынша айқындылық саясатын жүргізеді. Биржа жұмыс тобы аясында TONIA индикаторын есептеу әдістемесін жаңарту барысында аталмыш индикатордың тестілік есептеулерін, өзінің ақпараттық жүйесін жаңа есептеу әдістемесіне бейімдеу, сондай-ақ жұмыс тобының қатысушыларын салмақты шешім қабылдаулары үшін статистикалық қамтамасыз етуді жүзеге асырды. Қазіргі уақытта KASE TONIA жаңартылған индикаторын есептеуге және жариялауға әкімші ретінде қатысуға кірісіп кетті", – деп атап өтті KASE Басқармасының Төрағасы Алина Алдамбергген.

"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен, Еуропа қайта құру және даму банкімен, Қазақстанның қаржыгерлер бірлестігімен және екінші деңгейдегі банктермен бірлесіп, TONIA индикаторын жаңартуға үлкен еңбек сіңірді. Біздің мақсатымыз – оқшауланған қаржы нарығындағы қатысушылар үшін пайыздық мөлшерлеменің бағдары болатын бенчмарк құру. Біз, TONIA индикаторын есептеуге енгізілген өзгертулер оның халықаралық аренада көрнекілігін және оның ашықтылығын арттырады", – деп атап өтті Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің монетарлық операциялары департаментінің директоры Әлия Молдабекова.

Сондай-ақ, TONIA - мен қатар, әдістеме МБҚ бағалы қағаздар себетімен репо операциясының орташа сараланған мөлшерлемесінің күн ішіндегі мәнін жариялауға арналған қосымша екі индикаторды есептеуді қарастырады.

Аталмыш индикаторлар нақты уақыт режимінде есептеледі. TRION индикаторы "overnight" репо мөлшерлемесінің өзгеруін көрсетеді, TWINA индикаторы – жеті күндік репо. Аталмыш

индикаторларды есептеу үшін KASE қызметін орталық контрагент ретінде пайдаланатын репо операцияларын ашу мәмілелері қолданылатын болады.

KASE интернет-сайтында (kase.kz) TONIA индикаторы әрбір сауда-саттық күні қорытындысы бойынша бір рет қаржы нарығының негізгі индикаторы ретінде жарияланады. TRION және TWINA индикаторлары тиісті құрал бойынша репо операцияларын ашуға жасалған әрбір мәмілені жасаған соң, репо мөлшерлемесінің ағымдағы күн ішіндегі көрсеткіші ретінде жарияланады.

Анықтама үшін

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Орталық Азия аймағындағы жетекші қор биржасы болып табылады. KASE бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі бойынша ТМД қор биржаларының арасында екінші орын, ал FEAS қор биржаларының арасында нарықтық капиталдандыру деңгейінде алтыншы орын алады.

Бұл – репо нарығының құралдары, шетел валюталары, мемлекеттік және корпоративтік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы институттарының облигациялары, сондай-ақ туынды қаржы құралдар үшін әмбебап сауда-саттық алаңы болып табылады, замани технологияларды иеленген және қабылданған халықаралық стандарттарға сәйкес сауда-саттықтық және сауда-саттықтан кейінгі қызметтердің толық спектрін көрсетеді.

KASE Биржа федерациясының (WFE), Еуро-Азиялық қор биржалар федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби қауымдастықтарының мүшесі, сондай-ақ БҰҰ-ның "Қор биржасы тұрақты даму үшін" бастамасының қатысушысы болып табылады.

KASE оқшауланған және шет елдік қатысушылар үшін айқын инвестициялық ортасын қамтамасыз ету арқылы белсенді ықпал етеді.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, pr@kase.kz.